

Байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 22 қарашадағы № 410 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 7 желтоқсанда № 16064 болып тіркелді.

"Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 35-бабының 1-1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті (А.Ғ. Қожықов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін қағаз және электрондық түрде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Д. Абаев

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2017 жылғы 22 қарашадағы
№ 410 бұйрығымен
бекітілген

Байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштері

Ескерту. Көрсеткіштер жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 18.05.2023 № 182/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

--	--	--

№	Ұялы байланыс қызметтерінің сапа көрсеткішінің атауы	Көрсеткіштің мәні
Дауыс байланысы қызметтерінің сапа көрсеткіштері		
1	Ұялы байланыс желісінің абонентімен қосылуды орнату кезінде шақырулардың жалпы санынан сәтсіз шақырулардың үлесі	3%
2	Тіркелген телефон байланысы желісінің абонентімен қосылуды орнату кезінде шақырулардың жалпы санынан сәтсіз шақырулардың үлесі	2.5%
3	Абоненттің бастамасынсыз орнатылған қосылулардың ажырауымен аяқталған шақырулардың үлесі	3%
4	Сөздерді беру сапасы бойынша нормативтерді қанағаттандырмайтын	8%

	шақырулардың үлесі (MOS POLQA < 2,8)	
5	Ұялы байланыс желісінде сол өңірдегі ұялы байланыс желісімен телефон қосылуын орнатуды аяқтаудың орташа уақыты	8 сек
Жылжымалы байланыс желілері арқылы Интернетке қол жеткізу қызметтерінің сапа көрсеткіштері		
1	Н Т Т Р серверінен деректерді жүктеудің сәтті сессияларының үлесі	95%і
2	"Төмен" бағыты бойынша FTP серверінен деректерді жүктеудің сәтті сессияларының үлесі	95%і
3	Н Т Т Р WEB-парақшасын жүктеу сессияларының сәтті әрекеттерінің үлесі	95%іі
4	FTP серверінен деректерді жүктеудің орташа жылдамдығы көрсеткіш мөндерінің үлесі "төмен" желісі бойынша 2 Мбит/с кем (лицензиялық	10%

	міндеттемелерге сәйкес Д0, Д1, Д2, Д3 классы үшін) iii	
5	F T P серверінен деректерді жүктеудің орташа жылдамдығы көрсеткіш мәндерінің үлесі 3G технологиясындағы "төмен" желісі бойынша 1 Мбит/с кем (C1C, O1C классы үшін)	10%
6	F T P серверінен деректерді жүктеудің орташа жылдамдығы көрсеткіш мәндерінің үлесі 4G технологиясындағы "төмен" желісі бойынша 5 Мбит/с кем (C1C, O1C классы үшін)	10%

Байланысты қамтудың сапа көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	Елді мекеннің тип				
		1	2	3	4	
1	RSSI (Received Signal Strength Indicator) - 2G технологиясындағы сигнал деңгейінің көрсеткіші, dBm.	Бастапқы мәні	≤-75	≤-85	≤-95	≤-95
	Рұқсат етілген пайыз, %		5	10	10	10
	CPICH RSCP – 3 G	Бастапқы мәні	≤-80	≤-90	≤-105	≤-105

2	технологиясындағы сканерлеуші қабылдағышының кіруінде қабылданатын пайдалы сигналдың деңгейі, dBm.	Рұқсат етілген пайыз, %	10	10	10	10
3	Ес/Іо – 3G технологиясындағы шуға пайдалы сигналдың қатысы, dB	Бастапқы мәні	<15	<15	<15	<15
		Рұқсат етілген пайыз, %	10	10	15	15
4	RSRP-4G технологиясындағы сканерлеуші қабылдағышының кіруіндегі қабылданған тірек сигналдар күшінің орташа мәні, dBm	Бастапқы мәні	≤ -100	≤ -105	Нормаланбайды	Нормаланбайды
		Рұқсат етілген пайыз, %	5	10	15	Нормаланбайды

Тіркелген байланыс желілері арқылы интернетке қол жеткізу қызметтерінің сапа көрсеткіштері

Қосылу түрі	Байланыс арнасының өткізу қабілеті, Мбит/с	IP-пакеттердің кідіру уақыты, артық емес	IP-пакеттердің кідіру вариациясы, артық емес	IP пакеттерін жоғалту, артық емес
Т О Б Ж бойынша ұйымдастырылған байланыс арналары бойынша деректерді өлшеу объектісі мен оператордың деректерді беру желісінде орналасқан тест сервері/ бақылаудың аппараттық құралы		20 мс		0,20%

арасында беру кезінде		10 мс		
Оператордың деректерді беру желісінде орналасқан деректерді ТОБЖ+ өрілген жұп, РРЖ+өрілген жұп өлшеу объектісі мен тест сервері/ бақылаудың аппараттық құралы арасындағы байланыстың құрамдас арналары бойынша беру кезінде	тарифтік жоспарда, шартта белгіленген мәннен кемінде 80%	150 мс	50 мс	0,30%
Оператордың деректерді беру желісінде орналасқан өлшеу объектісі мен тест сервері/ бақылаудың аппараттық құралы арасындағы бір жерсеріктік учаскемен байланыстың құрамдас арналары бойынша деректерді беру кезінде		800 мс	100 мс	0,50%

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК